



"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

4 желтоқсан 2023 жыл

№: AIFC-C/CFI/2023/0046 ic

«TEMIR ZAT» ЖШС

«BauProject» ЖШС

«MCI Group» ЖШС

Талап қоюшылар

қарсы

"Алайғыр" бірлескен кәсіпорны" ЖШС-ына

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Мәртебелі Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2023 жылғы 30 қарашадағы талап арыз нысанына сәйкес Талап қоюшы Сотқа 2022 жылғы № 29 ХТО ісінде Халықаралық төрелік орталықтың төрағасы Томас Кромвелл мырза тағайындаған төрешілер құрамы қабылдаған (төрағалық етуші төреші - 2023 жылғы 8 маусымдағы хатпен тағайындалған доктор Ярослав Түрлуковский, Талап қоюшы атынан төреші – 2023 жылғы 9 ақпандағы хатпен тағайындалған Арман Шайкенов мырза және Жауапкер атынан төреші - 2023 жылғы 9 ақпандағы хатпен тағайындалған Дмитрий Братус мырза) 2023 жылғы 23 қазандағы Қамтамасыз ету шаралары туралы шешімнің 12-параграфында көрсетілген шараларды тану және орындау туралы бұйрық беру туралы өтініш жасап жүгінді.
2. Төрелік шешімді оқығаннан кейін мен мәлімдеме негізді деген ойға келдім. Тиісінше, осымен БҰЙЫРАМЫН:
 1. Жауапкердің 2023 жылғы 15 тамыздағы құқықтық қорғау құралдарын беру туралы арызы ішінара қанағаттандырылсын.
 2. Талап қоюшыға Талап қоюшының жылжымалы және жылжымайтын мүлкін иеліктен шығаруға тыйым салынсын. Талап қоюшыға Талап қоюшының банктік шоттарындағы Жауапкер мәлімдеген қарсы талап қою мөлшеріндегі 15.572.318.798, 61 теңге (Он бес миллиард бес жүз жетпіс екі миллион үш жүз сексен екі мың жеті жүз тоқсан сегіз теңге алпыс бір тиын) ақшалай қаражатқа билік етуге тыйым салынсын.
 3. Осы Төрелік шешіммен белгіленген тыйымдар мыналарға қолданылмайды деп есептелсін:
 - осы Төрелік шешім шығарылғанға дейін үшінші тұлғалар алдында туындаған өз міндеттемелерін Талап қоюшының орындауы;
 - Талап қоюшының осы Төрелік шешім шығарылған күнге дейін жасалған еңбек шарттары бойынша жұмыскерлер алдындағы өз міндеттемелерін орындауы және осы Төрелік шешім шығарылған күнге дейін белгіленген жалақы мөлшерінде орындауы.
 4. Талап қоюшының осы төрелік шешім шығарылған күннен кейін үшінші тұлғалар алдында өзіне міндеттемелер қабылдауына және Төрешілер құрамының жазбаша рұқсатынсыз жылжымалы және жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару бойынша өзіне міндеттемелер қабылдауға тыйым салынсын.
 5. Жауапкердің өкілдерге арналған шығыстарының және төрелік талқылаумен байланысты өзге де шығыстарының сомасында 116.908.442 теңге (бір жүз он алты миллион тоғыз жүз сегіз мың төрт жүз қырық екі теңге) мөлшерінде банк кепілдігін Талап қоюшының Жауапкердің пайдасына беруі туралы бұйрық шығарудан бас тартылсын.
3. Осы Бұйрық табысталғаннан кейін 7 күннің ішінде Талап қоюшыларға осы Бұйрықтың күшін жою туралы арыз беру құқығы беріледі.

Сот қабылдады,



Судья, Мәртебелі Лорд Фолкс КС

Өкілдік ету:

Талап қоюшылардың атынан өкілдік етілген жоқ.

Жауапкердің атынан Әділхан Базарбаев мырза, Жанель Хабиева ханым өкілдік етті.